

Молдабекова А.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫДА ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Молдабекова А.

НАПРАВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ФИНАНСОВОЙ ПОДДЕРЖКИ В СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРЕ

Әлеуметтік қорғау – бұл әлде бір жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айырылуы) және өзге де заңды негіздерге байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын әрі лайықты ақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыс пен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе :

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде әр түрлі жәрдемақылар маңызды орын алады. Оларға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, мемлекеттік арнайы жәрдемақы, еңбекке уақытша жарамсыздық, жүктілік және босану бойынша және тағы басқа әлеуметтік жәрдемақылар мен өтемақылар, жеңілдіктер жатады.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мемлекеттік, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне кіреді. Мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына және жасына байланысты оларды алуға мұқтаж және толық мемлекет есебінен қамтылмаған азаматтарға ақша қаражатын мемлекеттің мезгіл-мезгіл төлеп тұруы болып табылады. Бұл жәрдем ақының түріне байланысты болады.

Бір мезгілде әр түрлі мемлекет әлеуметтік жәрдемақылар алуға құқығы бар адамдарға, олардың таңдауы бойынша бір жәрдемақы тағайындалады.

Мүгедектігі бойынша жәрдемақылар мүгедектікке душар болған жағдайда жәрдемақыға өтініш жасалған уақытта жұмыстың тоқталғанына немесе жалғасуына, қашан болғанына (жұмыс немесе қызмет кезінде, жұмысқа кіріскенге дейін немесе жұмысты тоқтатқаннан кейін) қарамастан тағайындалады.

Мүгедек адамдарға зейнетақы төлеу тағайындалған кезде мүгедектігі бойынша жәрдемақы тоқтатылады немесе Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық пен жинақтаушы зейнетақы қорларынан алынатын зейнетақы төлемдерінің мөлшері ескеріле отырып қайта қаралады.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алуға, асыраушысы қайтыс болған отбасының еңбекке жарамсыз, оның асырауында болған мүшелерінің құқығы бар.

Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақылар жалпы ауруларға байланысты (жарақат алуға, жүктілікті жасанды жолмен бұзуға, карантинге байланысты, туберкулез немесе кәсіби ауру себебінен уақытша басқа жұмысқа ауыстырылған кезде) еңбекке уақытша

жарамсыздық жағдайларында және заңдарда белгіленген басқа да жағдайларда тағайындалады.

Егер еңбекке уақытша жарамсыздық еңбекте мертігуге немесе кәсіби ауруға байланысты болса, әлеуметтік жәрдемақыны жұмыс беруші еңбекке жарамсыздық орын алған бірінші күннен бастап, жұмысқа шыққанға дейін немесе мүгедектігі анықталғанға дейін орташа жәрдемақының жүз пайызы төленеді.

Балалы отбастарына және бала туғанда берілетін жәрдемақылар түріндегі әлеуметтік көмек, жұмыссыздарға берілетін материалдық көмек, жұмыс істеген азаматтар мен жұмыссыздарды жерлеуге берілетін көмек және басқа да атаулы көмектер жергілікті бюджеттерден осы мақсаттарға бөлінген қаражаттар шегінде төленеді.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің ең негізгі мәселесі болып тұрғындардың өмір сүру деңгейінің мөлшерін және тұрғындарға мемлекеттік қолдау көрсету жүйесін жақсарту. Ол үшін келесідегідей міндеттерді қолдау қажет:

1.Атаулы қолдау көрсету. (Белгілі-бір себептермен өзін-өзі қамсыздандыра ала алмайтын азаматтарға әлеуметтік көмек);

2.Барлық тұрғын халыққа тиісті әлеуметтік көмек көрсету;

3.Осы сала бойынша бөлінген қаржыларды тиімді пайдалану.

Жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген отбасыларды қолдау мағынасында – отбасында балалары, білімгерлері, зейнеткерлері мен мүгедектері және жұмыссыз тұлғалары бар немесе олардың табыстары бекітілген күн көріс деңгейінен төмен болған отбасыларға әлеуметтік жәрдемақы төлеуді енгізу.

Негізгі бағыт жұмыссыз тұрғындарды әлеуметтік қорғау болып табылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру ақшалай төлем түрінде (зейнетақылар, жәрдемақылар, компенсациялар), медициналық көмек түрінде, жеңілдіктер беру арқылы, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін құру арқылы көрсетіледі.

Әлеуметтік қамсыздандыру иесі – Республикалық деңгейде, жергілікті деңгейде және шаруашылық білім деңгейінде қалыптасады.

Республикалық деңгей – осы қоғамның барлық қатысушыларына әлеуметтік кепілдікпен қамсыздандыру және оны бақылау. Оған келесі табыс деңгейлерінің кепілдемелерін қосамыз:

- минималды айлық жалақы, қызметкерлердің еңбекақы мөлшері, зейнетақы және тағы да басқаларды.

Жергілікті деңгейде – әлеуметтік мәдениеттік және демографиялық ерекшеліктерді есепке ала отырып, әлеуметтік қорғау жүйесін қамтамасыз ету.

Еңбекші топтың деңгейі – мекеменің өзіндік қорлары, зейнетақы және әлеуметтік кепілдемелер мен жеңілдіктер есебінен қалыптастыруды негіздейді.

Әлеуметтік қамсыздандыру шығындарының қоғамдық тұтыну қорларынан келетін төлемдер мен жеңілдіктердің жалпы мөлшерінің елеулі бөлігін қорғайды.

Әлеуметтік қамсыздандыру шығындарының қаржыландыру көздеріне мыналар кіреді:

- бюджеттің зейнетақы қорының құралдарынан;
- әлеуметтік сақтандыру қорынан;
- кәсіпорын мен ұйымдардан өз еркімен келген салымдарынан;
- қайырымдылық қорлары және тағы басқа да қорлардан.

Еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылу жағдайында әлеуметтік қорғауға мынадай құрылымдарды енгізуді көздейді:

1. Барлық азаматтарға бюджет қаражаты есебінен бірдей деңгейдегі жәрдемақы беру (әлеуметтік қатерлердің түріне қарай)

2. Ресми жұмыс істейтін қызметкерлерге міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен зейнеткерлік жасына жеткенге немесе сақтандыру төлемдерін беруге негіз болған жағдаяттар тоқтатылғанға дейін қосымша төлемдер беру.

3. Еңбек міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның және кәсіби аурудың салдарынан еңбек қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайда сақтандыру ұйымынан төлем беру түрінде оны зейнеткерлік жасқа толғанға немесе сақтандыру төлемдерін беруге негіз болғаннан кейін жағдаяттар тоқтатылғанға дейін қосымша қорғау көзделеді.

Жұмысшысынан айырылу жағдайларында азаматтарды әлеуметтік қорғауда екі деңгейлі құрылым қарастырылады.

Бірінші деңгей: жергілікті бюджеттер есебінен барлық жұмыссыз азаматқа жұмысқа орналасуға, кәсіби қайта даярлауға көмек көрсету, қоғамдық жұмыстар беру жолымен әлеуметтік қорғау.

Екінші деңгей: ресми жұмыс істейтін еңбеккерлерге міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен белгілі бір мерзім ішінде төлем ақы беру.

Қартайған кездегі әлеуметтік қорғау ынтымақтастық зейнетақы жүйесінің өлшемдері жетілдірілетін болады. Зейнетақы төлемдерінің мөлшері арттырылған кезде зейнеткерлікке шығу кезеңі ескеріледі. Ынтымақтастықты жүйеден төленетін зейнетақы мөлшері тұтыну бағаларының өсуі және зейнетақы мен қамсыздандыру туралы заңнамада белгіленген төлемдер бойынша шектеулер

ескеріле отырып, өсірілетін болады. Ал қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қорғау, жаңа жұмыс орындарын ашу және жалақының мөлшерін көбейту арқылы кедейліктің азаюына қол жеткізілді. Атаулы әлеуметтік көмек беру тетігін де, табыс деңгейін бағалай әдістемесін де жетілдіру жалғастырылады.

Заттай нысандағы әлеуметтік көмек еңбек етуге қабілетсіз азаматтарға: балаларға, зейнеткерлерге, мүгедектерге ғана беріледі. Еңбек етуге қабілетті халыққа әлеуметтік көмек қоғамдық жұмыстардың қайта оқыту бағдарламаларын қаржыландыру және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу арқылы да көрсетіледі.

Еңбек ету қабілетінен айрылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлемдердің мөлшері әлеуметтік аударымдар объектісі ретінде ескерілген соңғы жиырма төрт ай ішіндегі табыстың Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ең төмен жалақының сексен пайызына шегергендегі орташа айлық мөлшерін табысты алмастырудың, еңбек ету қабілетінен айрылу мен қатысу стажының тиісті коэффициенттеріне көбейту арқылы анықталады.

Асыраушысынан айрылған жағдайда асырауындағылар санының коэффициенті міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушы қайтыс болғанға дейін асырауында болған адамдар санына қарай айқаналады және асырауындағы бір адам болса – 0,4, асырауында екі адам болса – 0,5 асырауында үш адам болса – 0,6, асырауында төрт және одан да көп адам болса – 0,8 болады.

Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдар объектісі ретінде ескерілген соңғы жиырма төрт ай ішіндегі табыстың орташа айлық мөлшерін тиісінше табысты алмастыру коэффициенттеріне және қатысу стажының коэффициентіне көбейту арқылы айқындалады.

Ең төмен күнкөріс деңгейі – мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құқына тең, бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай кіріс.

Ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшері ең қажетті азық – түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындардың белгіленген үлесі қосылған ең төмен азық – түлік себетінің құнын негізге ала отырып есептеп шығарады.

Ең төмен күнкөріс деңгейі республика бойынша және аймақ бойынша орта есеппен:

- 1) жан басына;
- 2) халықтың жас топтары бойынша тоқсан сайын есептен шығарылады.

Ең төмен тұтыну себеті тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің заттай және құн түріндегі ең төмен жиынтығы болып табылады.

Ең төмен тұтыну себеті:

- 1) азық – түлік себеті;
- 2) азық – түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындардан тұрады.

Ең төмен күнкөріс деңгейінің белгіленуі:

1) тұрмыс деңгейін бағалау мен кедейлік шегін анықтауға;

2) әлеуметтік саясаттың бағыттарын анықтау мен халықты әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

3) жалақының, зейнетақының, жәрдем ақылардың және өзге де әлеуметтік төлемдердің белгіленетін ең төмен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті кіріс шегі.

Кедейлік шегі республика бойынша, сондай – ақ аймақтар деңгейінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен тоқсан сайын анықталып отырады.

Кедейлік шегі табысы аз азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету үшін өлшем болып табылады.

Күн көрістің ең төменгі деңгейі немесе өмір сүру минимумы деп адамның өмір сүруін және оның жұмыс күшін қалпына келтіруді сүйемелдеуге қажетті ақшалай қаржы деңгейін айтады.

Қоғам дамуы жағдайындағы күн көру деңгейі өмір деңгейінің қоғамға қажетті төменгі шекарасын анықтайды.

Ең төменгі күн – көрістің деңгейі келесідей формуламен есептеледі.

$$\sum_{K.K.M.}^{X.Э.Қ} X.Э.Қ = MШ_{Ө.Қ} + ТК_{Ө.Қ} + PШ_{Ө.Қ} \quad (1)$$

Мұндағы:

$$\sum_{K.K.M.}^{X.Э.Қ} X.Э.Қ - \text{халықтың экономикалық}$$

қатынастар дәрежесі күн көру минимумынан (К.К.М), экономикалық – әлеуметтік қатынастар

(Э.Ә.Қ) дәрежесіне дейінгі интервал аралығындағы сома дәрежесі.

$MШ_{Ө.Қ}$ - материалдық шығындарының өзіндік құны - (жеңіл және тамақ өнеркәсіп тауарларын тұтыну);

$ТК_{Ө.Қ}$ - тұрмыстық қызметтің өзіндік құны - (тұрғын үй-коммуналдық, тұрмыстық байланыс, көлік, ақпараттық);

$PШ_{Ө.Қ}$ – рухани шығындардың өзіндік құны (білім, ғылым, мәдениет, дін, денсаулық, сақтандыру, саяхат)

Жоспарлы экономика кезінде отбасы бюджетінің шығыстарының қаржылану көздері:

- субъектілік экономика жүйелеріндегі еңбек акыдан;
 - банктер жүйесіндегі кредиттен,
 - бюджеттен,
 - бюджеттік мекемелерден (жеңілдіктер, әлеуметтік жәрдемақы мен көмектер, дотация, қаржы бөлу, тарифтік төлемдер және т.б.) тұрған.
- Нарықтық экономика жағдайында отбасы бюджетінің шығыстарының қаржылану көздері.

- отбасы шаруашылығынан;
- отбасы бюджетіне қарасты кәсіпшіліктен;
- отбасы бюджетінің капиталдық қорларынан;
- әлеуметтілікті бюджеттен қаржыландырудан қалыптасады.

Жоспарлы экономика кезең мен нарықтық экономика жағдайында отбасы бюджетінің шығыстары материалдық, тұрмыстық, рухани шығындарды қаржыландырған.

Отбасы бюджеттің қанағатандыру қатынастарының даму ерекшеліктері.

Отбасы бюджетінің дамуы басқа қалған субъектілік экономика жүйелерімен тығыз байланыста болады. Мысалы: отбасы бюджетінің өзі қаржы қатынастары бойынша субъектілік экономикаға беру демеушілігі және одан алу демеушілігі бар. Мұндай қатынастардың түрлері:

- қаржы капиталдары бойынша қатынастық түрлері:

банкке салған салымдардағы өсім құн үлестіліктері, акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын иемделудегі дивидендтер, зейнетақы қорындағы салымдардың өсімі, сақтандыру оқиғасындағы қауіпсіздендіру төлемдері;

- өндіріс капиталдар бойынша үй шаруашылығындағы табыстар, отбасы бюджетіне қарайтын жеке заңды тұлғалы кәсіпкерліктегі табыстар;

- субъектілік экономика жүйелерінен еңбек ақылы табыстар.

Рецензент: д.э.н., профессор, Исраилов М.М.